Tomiris

ЖЕКЕ КӘСІПКЕР

№01-05

Астана, Мәңгілік ел 38

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы: 150240013345 "Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі, 611010000, Түркістан қ, Жаңа қала, 32 көше, 20 үй

16872140-1 конкурс бойынша

«Томирис» ЖК Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының «Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу» 16872140-1 конкурсының **қорытынды хаттамасымен келіспейтіндігін** білдіреді.

SKK-010 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 78 тармағына сәйкес, «Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады.
Еңбек өтілі бойынша талап болған жағдайда, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады. Бұл ретте қызметкердің соңғы он жыл ішіндегі жұмыс өтілі ескеріледі».

Аталған конкурстық құжаттаманың №8 Қосымшасына сәйкес, микрофон (3 дана), колонка (2 дана), сонымен қатар бірнеше еңбек ресурстарының болуы талап етілген. Атап айтқанда, "Жасанды интеллект" тақырыбында семинар өткізетін маман (сертификат немесе басқа да дәлелдеме құжаттармен) 3 адам, 2 жылдық еңбек өтілімен, Режиссерлік топ (сертификат немесе басқа да дәлелдеме құжаттармен), 2 адам, 1 жылдық еңбек өтілімен, журналист 1 адам 1 жылдық еңбек өтілімен, Жүргізуші 2 адам, 1 жылдық еңбек өтілімен сұралған.

Әлеуетті өнім беруші SKK-010 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Жасанды интеллект" тақырыбында семинар өткізетін маман ретінде ұсынған Сапархан Ғазиз, КІШІБАЕВА ҒАЗИЗА СӘКЕНҚЫЗЫ, ТУРСЫНБАЕВ АЙДАР АСҚАРҰЛЫ еңбек ресурстары 2 жылдық еңбек өтілін дәлелдейтін құжаттарын көрсетпеген, яғни Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірін де дәлелдеме ретінде салмаған.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 76-пунктіне сәйкес, «конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда мұндай талапқа сәйкестік **материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен** жүзеге асырылатыны айтылған. Сонымен бірге, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасында Конкурстық құжаттамаға Қосымшалардың үлгісі нақты бекітілген.

Қағиданың 11-Қосымшасында «Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындау үшін қажетті талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы мәліметтер» деп аталатын 4-пунктінде берілген кестеде әлеуетті өнім берушінің материалдық ресурстарының атауы, қолда бар бірліктерінің саны, жағдайы, меншікті

болуы немесе жалға алынғаны, сонымен қатар, **растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірін толтыруы қажет** екендігі айқын көрсетілген.

Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №562 бұйрығына сәйкес, бастапқы есеп құжаттары тізілімі бекітілген.

Жылжымалы материалдық ресурстардың меншік құқығын растайтын құжат ретінде **қорларды шетке беруге арналған жүкқұжат** немесе **тауарды қабылдап алу-беру актісі** айқындалған. Бұл құжаттар да заң талаптарына сай ұсынылмаған.

Жоғарыда аталғанға байланысты беруші SKK-010 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 212-тармағы 1 тармақшасының «конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы» бөлігінде жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуда **біліктілік талаптарына сәйкес келмейді** деп анықталуын сұраймыз.

Сондай-ақ қорытынды хаттама нәтижесінің қайта қаралуын талап етеміз.

ЖК Томирис директоры **Г.Жайлаубекова**

(электронды қолтаңбамен расталған)